

Сарыағаш ауданы бойынша жер салығының базалық мөлшерлемелерін жоғарылату туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Сарыағаш аудандық мәслихатының 2015 жылғы 21 шілдедегі № 42-376-V шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 12 тамызда № 3311 болып тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Сарыағаш аудандық мәслихатының 2018 жылғы 8 маусымдағы № 22-242-VI шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Сарыағаш аудандық мәслихатының 08.06.2018 № 22-242-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Кодексінің 387 бабының 1 тармағына сәйкес және жерлерді аймақтарға бөлу схемасы негізінде, Сарыағаш аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Қазақстан Республикасының кодексінің 379, 381, 383 баптарымен белгіленген автотұрақтарға (паркингтерге) және автомобильге май құю станцияларына бөлінген (бөліп шығарылған) жерлерді қоспағанда, Сарыағаш ауданы бойынша 1, 2, 3 және 4 аймақтардағы жер салығының базалық мөлшерлемелері 50 пайызға жоғарылатылсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихат
сессиясының төрағасы
Аудандық мәслихат
хатшысы*

Б.Мамбетов

Б.Садықов